

## **Ойыл ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атауларын және индекстерін бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 111 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 10 шілдеде № 3-11-137 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3-бабының 7-тармағына, 6-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ойыл ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары және индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ойыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 93 "Ойыл ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4936 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 маусымда аудандық "Ойыл" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Ойыл аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ойыл аудандық Әділет басқармасы республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ойыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қазыбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Д. Сагиров*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*"Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары*

**Ойыл ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атаулары және индекстері тізбесі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 16.05.2023 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-UL-104	Ойыл-Қараой	74,78
2	KD-UL-107	Көптоғай-Аманкелді	12,55
3	KD-UL-109	Қаракемер-Ақшатау	19,7
4	KD-UL-112	Ойыл ауылына кіре беріс	3,83
5	KD-UL-113	Сарбие ауылына кіре беріс	16,18
6	KD-UL-114	Көптоғай ауылына кіре беріс	21,255
7	KD-UL-115	Каратал ауылына кіре беріс	20,375
8	KD-UL-116	Кайыңды ауылына кіре беріс	26,96
9	KD-UL-117	Кемер ауылына кіре беріс	1,03
10	KD-UL-118	Ақкемер ауылына кіре беріс	12,7
11	KD-UL-120	Бестамақ ауылына кіре беріс	1,84
12	KD-UL-121	Қаракемер ауылына кіре беріс	12
13	KD-UL-122	Екпетал ауылына кіре беріс	1,97
14	KD-UL-123	Кұмжарған ауылына кіре беріс	2,96
15	KD-UL-124	Шұбарши ауылына кіре беріс	15,2
	Барлығы		243,33

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК